

"Қазақстан аймақтары бойынша 2001-2005 жылдары ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді, қайта өңдеуді және сақтауды ғылыми қамтамасыз ету" салалық ғылыми-техникалық бағдарламасын бекіту туралы "

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2000 жылғы 11 қыркүйек N 1378. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2003.03.21. N 288 қаулысымен.

Ауыл шаруашылығын дамытуды ғылыми қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған "Қазақстан аймақтары бойынша 2001-2005 жылдары ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді, қайта өңдеуді және сақтауды ғылыми қамтамасыз ету" салалық ғылыми-техникалық бағдарламасы (бұдан әрі - Бағдарлама) мен оны іске асыру жөніндегі іс-шаралар бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен республикалық бюджетте іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді қаржыландыру үшін көзделген қаражат есебінен Бағдарламаны мақсатты қаржыландыруды қамтамасыз етсін.

3. Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 26 мамырдағы "республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалар туралы" N 434 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

2-тармақтағы "екі ай мерзімде" деген сөздер алып тасталсын; аталған қаулымен бекітілген Республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламалар тізбесі мынадай мазмұндағы 10-1-тармақпен толықтырылсын:

"10-1. "Қазақстан аймақтары бойынша 2001-2005 жылдары ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді, қайта өңдеуді және сақтауды ғылыми қ а м т а м а с ы з е т у " .

4. Осы қаулы 2001 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-Министрі

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Ү к і м е т і н і ң қ а у л ы с ы м е н
б е к і т і л г е н

2000 ж. 11 қыркүйектегі N 1378

"Қазақстан аймақтары бойынша 2001-2005 жылдары ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді, қайта өңдеуді және

**сақтауды ғылыми қамтамасыз ету" салалық
ғылыми-техникалық бағдарламасы**

**"Қазақстан аймақтары бойынша 2001-2005 жылдары ауыл шаруашылығы
өнімдерін өндіруді, қайта өңдеуді және сақтауды ғылыми қамтамасыз ету"
салалық ғылыми-техникалық бағдарламасының**

Паспорты

Бағдарлама атауы	Қазақстан аймақтары бойынша 2001-2005 жылдары ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді, қайта өңдеуді және сақтауды ғылыми қамтамасыз ету
------------------	--

Бағдарламаны ҚР Үкіметінің 1996 жылғы 9 желтоқсандағы әзірлеу үшін негіз N 1502 қаулысымен бекітілген "Агроөнеркәсіп кешенін ғылыми қамтамасыз ету" республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламасын іске асыру мерзімінің 2000 жылы аяқталуына орай және ҚР Үкіметінің 2000-2002 жылдарға арналған Іс-қимыл бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспарының негізінде 3-басымдық

3.9.1.3-тармақтары

Бағдарламаны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым негізгі әзірлеуші министрлігінің Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығы

Іске асырылу мерзімі 2001-2005 жылдар

мерзімі

Бағдарлама мақсаты Табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және сақтау жөнінде ғылыми негізделген ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеп, өндіріске енгізу негізінде республика халқын тамақ өнімдерімен және елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ ауылда әлеуметтік-экономикалық

реформаларды ұйымдық-құқықтық қамтамасыз ету

Бағдарлама міндеттері - Қазақстан Республикасының азық-түлік тәуелсіздігін және ауыл халқының тұрмыс жағдайын жақсартуды қамтамасыз ететін агроөнеркәсіп өндірісін дамытудың экономикалық тетігін әзірлеу
- Сапасы мен құны жөнінен бәсекеге қабілетті өнімнің барынша мол мөлшерін, сондай-ақ

топырақ құнарлылығын сақтау мен қоршаған ортаны қорғауды қамтамасыз ететін сорттық технологиялардың, машиналармен жабдықтардың қолда барын жетілдіру және аймақтардың табиғи-климаттық жағдайларына бейімделген жаңаларын жасау негізінде өсімдік шаруашылығын аймақтар бойынша диверсификациялау жөнінде ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу

- Мал тұқымын аудандастыру жоспарын нақтылау, оларды құнарлы жемшөппен қамтамасыз ету, малды күтіп-бағуға арналған технологияларды, машиналар мен жабдықтарды жетілдіру және жаңаларын жасау, ветеринариялық қамтамасыз ету негізінде мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді ұлғайту жөнінде аймақтар үшін ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу

- Өсімдік шаруашылығы және мал шаруашылығы өнімдерін пайдалана отырып, көпшілік пайдаланатын және емдеу-алдын алу мақсатындағы тамақ өнімдерін өндіруге арналған жаңа технологиялар мен жабдықтар

әзірлеу

Негізгі іс-шараларды орындаушылар

Қазақстан Республикасының Үкіметі, Білім және ғылым, Ауыл шаруашылығы, Табиғи ресурстар және қоршаған ортаны қорғау министрліктері, Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығы, мамандандырылған және аймақтық ғылыми зерттеу ұйымдары, аграрлық бейіндегі жоғары оқу орындары және жергілікті атқарушы

органдар

Қаржыландыру көлемі мен көзі

Бағдарламаны қаржыландыру республикалық бюджетте тиісті жылға іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді қаржыландыруға арнап көзделген қаражат шеңберінде, сондай-ақ Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасына енгізілген заемдар қаражаты есебінен жүзеге асырылады. 2001-2005 жылдарға арналған

Бағдарламаны іске асыру үшін бюджет қаражатына деген ең төменгі есептік қажеттілік 2650,29 млн. теңгені құрайды. Қаражаттың жыл сайынғы көлемі тиісті жылға арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңымен нақтыланатын болады. Халықаралық ұйымдардың қаржылық, техникалық және гранттық көмегін тарту көзделеді

Күтілетін ақырғы нәтижелер

Бағдарлама іс-шараларын орындау:

- көлденең және тігінен кооперациялануды, ауыл шаруашылығы тауарларының рыногын қалыптастыру, жер қатынастарын, ауыл шаруашылығының әлеуметтік-экономикалық құрылымын жетілдіру мәселелерін шешуді;
- аграрлық экономиканың баға, салық, кредит, сақтандыру және тағы басқа да реттеушілерімен ауылды әлеуметтік тұрғыда қайта құрудың жұмыс істеу тетіктерін әзірлеуді;
- Қазақстан аймақтары үшін тұрақты өнім алуды, егістіктердің фитосанитариялық қолайлы жай-күйі мен өсімдік шаруашылығы өнімдерінің жоғары сапасын қамтамасыз ететін жер ресурстарын ұтымды пайдалану, топырақты жел, су және ирригациялық эрозиядан қорғау, топырақ құнарлылығын сақтау және арттыру жөніндегі ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеуді;
- Қазақстан аймақтары үшін табиғи жайылымдар мен суармалы жепшөп өндіру жүйесінің жемшөптік өсімдіктер егілген алқаптарын ұтымды пайдаланудың ғылыми негіздерін әзірлеуді;
- қуаң жайылымдардың шөлейттену дәрежесіне экологиялық баға беру мен картаға түсіруді;
 - жемшөп өсіруге, жинау мен дайындауға арналған машиналар кешенін әзірлеуді;
 - астықты және басқа өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіруге шығатын шығынды 1,3-1,5 есе кемітуге мүмкіндік беретін, ауыл

- шаруашылығы дақылдарын (дәнді, техникалық, майлы, жеміс-жидек дақылдары, біржылдық және көпжылдық шөптер және т.б.) өсіруге арналған аймақтық технологиялар, машиналар мен жабдықтар әзірлеуді;
- Қазақстанның түрлі табиғи аймақтарында орман шаруашылығын жүргізудің және ландшафты негізде ағаш өсірудің ғылыми негізделген жүйесін әзірлеуді;
 - су ресурстары мен гидроқұрылыстарды ұтымды пайдаланудың техника-технологиялық құралдарын әзірлеуді;
 - ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілер үшін сарқынды суларды пайдалану сапасын жақсарту тәсілдерін әзірлеуді;
 - майлы, жарма және тағы басқа да дақылдарды егіп, жинауға арналған қазір қолданылып жүрген техникаға баға беріп, жаңасын жасауды;
 - топырақ өңдейтін, егіс егетін және жинайтын көпфункционалы машиналар, көкөніс дақылдарын өсіруге арналған құрама агрегаттар, фермерлік шаруашылықтарға арналған шағын механизация құралдарын әзірлеуді, жасап шығарып, сынақтан өткізуді;
 - мал шаруашылығы өнімдері өндірісін ұтымды күтіп-ұстау, өндіру және қайта өңдеу ветеринариялық қамтамасыз ету негізінде ұлғайту жөнінде республика аймақтары үшін ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеуді;
 - қой, ешкі, түйе, жылқы, құс шаруашылықтары өнімдерін өндіретін интенсивті ресурс сақтаушы технологияларды әзірлеуді;
 - Қазақстанның кәсіпшілік су айдындарының биоресурстарын болжау әдістерін әзірлеуді;
 - марал және ара шаруашылықтарының экологиялық таза өнімдерін өндіру, оларды қайта өңдеу мен сақтау жөнінде ұсыныстар беруді;
 - мал ауруларын есепке алудың автоматтандырылған

акпараттық жүйесін, мал ауруларын анықтаудың
экспресс-әдістерін жасауды;
- мал дәрігерлік жаңа дәрі-дәрмек өндіру
технологиялары мен инфекциялық ауруларға
қарсы күрес бағдарламасын әзірледі;
- ауыл шаруашылығы шикізатын кешенді қайта
өңдеуге арналған технологиялар мен машиналар
жүйесін әзірледі;
- азық-түлік шикізаты мен тамақ өнімдерінің
сапасы мен қауіпсіздігін бақылаудың бүгінгі
аналитикалық және нормативтік-әдістемелік
базасын жасауды қамтамасыз етуге мүмкіндік

береді.

1. Кіріспе

Агроөнеркәсіп кешенінің ең басты ерекшелігі оның негізінде биоәлеуеті Қазақстанда географиялық белгі бойынша өте сараланған, молығып отыратын табиғи ресурстарды іс жүзінде игеру мен пайдаланудың жатқандығында болып табылады. Топырақ, су, өсімдіктердің, жануарлар мен микроорганизмдердің гендік ресурстарының саны халықтың өскелең қажетін өтеуді қамтамасыз ету үшін ауыл шаруашылығы мен тамақ өнімдері өндірісі тірек ететін негізді құрайды. Осы ресурстарды сақтау және тиімді пайдалану еліміздің азық-түлік қауіпсіздігі мен ел экономикасының аграрлық секторының тұрлаулы дамуын қамтамасыз етуде шешуші маңызға ие.

Нақ осы себептен де аграрлық зерттеулердің басым бағыттарын тандау және агроөнеркәсіп кешенін /АӨК/ келесі бес жылға ғылыми қамтамасыз ету бағдарламасының жобасын түзу кезінде экономиканың аграрлық секторының бүгінгі жай-күйі мен ерекшеліктері ескерілді.

Соңғы жылдары АӨК-тің күллі салаларын қамтыған дағдарыстық ахуалдың салдарынан ауыл шаруашылығы өндірісінің құлдырауы қатерлі сипат алып, ресурстық әлеуетімізде күйреу процестері тереңдеді, агроқұралымдардың қаржылық жай-күйі және ауыл мен тұтастай алғанда елдегі халықтың әлеуметтік жағдайы нашарлады.

Агроөнеркәсіп кешеніндегі қолда бар ғылыми, технологиялық және техникалық әзірлемелер болашаққа, ауыл шаруашылығы өндірісін интенсивті жүргізуге бағдарланған. Ол орасан зор материалдық-техникалық және қаржы шығындарына тіреледі. Қазіргі таңда мұндай мүмкіндіктер болмаған ретте, ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізудің ғылыми-техникалық, техникалық және ұйымдық-экономикалық саясатына елеулі өзгерістер енгізу қажет.

2. Проблеманың қазіргі жай-күйін талдау

1996-2000 жылдарға арналған "АӨК-ті ғылыми қамтамасыз ету" республикалық мақсатты ғылыми-техникалық бағдарламасын іске асыру шеңберінде мемлекеттік сорт сынағына ауыл шаруашылығы дақылдарының 128 сорты мен будандары жіберіліп, жергілікті селекцияның 52 сорты а у д а н д а с т ы р ы л д ы .

Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығының /ҰААЗО/ ғылыми мекемелерінің тәжірибе шаруашылықтары жыл сайын дәнді дақылдардың 25,0 мың тонна таңдаулы тұқымдарын өндіріп, сатады. Мұның өзі еліміздің қажеттігінің 80%-ін құрайды. Соңғы 2 жылда олар 652 бас асыл тұқымды ірі қара , сондай 1543 бас қой мен 115 бас жылқы, сондай-ақ 3,9 млн. дана таңдаулы т а у ы қ ж ұ м ы р т қ а с ы н с а т т ы .

Қойдың үш жаңа тұқымын өсіріп шығару жөніндегі жұмыстар аяқталды: қазақтың етті-майлы қойының етінің сапасы алуан реңкті және түсті қаракөл қойының аса бағалы елтірілік қасиетімен ұштасатын елтірілі-етті-майлы атырау құйрықты қойының тұқымы; тірілей салмағы бойынша қазақтың етті-жүнді қойының стандартынан 10-15%, жүн қырқымы бойынша 15-20% асып түсетін, жүні айқын жылтыр әрі шайыры ақ, ақжайық кроссбредті қойының тұқымы; тиімділігі жөнінен қазақтың бастапқы құйрықты қойынан 35-40% асып түсетін, ашық сұр және ақшыл жүнді сарыарқа қылшық жүнді құйрықты қойының т ұ қ ы м ы .

Тірілей салмағы бойынша айғырлары 480-550 кг, биелері 435-490 кг тартатын , тәулігіне 11-18 кг сүт сауылатын етті-сүтті Мұғалжар жылқы тұқымы шығарылды, мұның өзі өнімділік қасиеті жөнінен бұрынғы мал тұқымынан 35-4 2 % ж о ғ а р ы .

Ауыл шаруашылығы өсімдіктерінің, жануарлар мен микроорганизмдердің тектік қорын сақтау және ұтымды пайдалану, олардың деректер банкін құру жөніндегі жұмыстар басталды. Институттар жанынан қой шаруашылығы, қаракөл шаруашылығы, түйе және құс шаруашылықтары бойынша селекциялық о р т а л ы қ т а р қ ұ р ы л д ы .

Өсімдік және мал шаруашылықтарындағы технологиялық процестерді механикаландыру үшін 30 машина, жабдықтар мен технологиялар жасалып, сынақтан өткізіліп, толығымен өндіріске жіберуге ұсынылды.

Отандық шикізаттың негізінде жаңа құрама жем және тамақ өнімдерін алудың тиімді технологиялары әзірленіп, өндіріске енгізілді. Тамақ өнімдері мен шикізаттың негізгі түрлерінің халықаралық талаптарға сай Қазақстан Республикасының 42 стандарты әзірленіп, бекітілді.

Алайда ауыл шаруашылығында қалыптасқан экономикалық жағдай ғылымдағы жетістіктерді жер ресурстарын толық ауқымда жүйелі пайдалануға мүмкіндік бермейді. Мұның өзі оларға антропогендік салмақтың артуына әкеп

соғады. Бұл экологиялық тұрлаусыздыққа, топырақ бетінің интенсивті тозу процесіне және шөлейттенуге әрі соның салдарынан алынатын ауыл шаруашылығы өнімдерінің өнімділігінің сапасы мен бәсекелестік қабілеттілігінің төмендеуіне алып келеді.

Қазіргі кезде республиканың 66%-ке жуық аумағы шөлейттенуге бейім. Су және жел эрозиясына ықтимал бейім топырақ беті тиісінше 5,6 және 18,7 млн. гектар болады, ал ауыр металдармен және радиоактивті заттармен ластанған жерлер шамамен 21,5 млн. гектарды құрайды.

Топырақтың қара шірік қабатының жойылу процесі де интенсивті жүріп жатыр. Соңғы 30-40 жылдың ішінде топырақтың егістік қабатындағы қара шірік құрамы елеулі азайды.

Бұдан өзге, егіншілік мәдениетінің күрт төмендеуі салдарынан қауіпті зиянкестер мен аурулардың ірі ошақтары пайда болды, олар ауыл шаруашылығы дақылдарының шығымына, алынатын өнім сапасына елеулі зиян келтіруде.

Қалыптасқан экономикалық және экологиялық жағдай егіншіліктің бүгінгі жүйесін, оны жүргізудің баламалы нұсқаларын іздестіру жолымен жетілдіруге жаңа көзқарасты талап етеді. Бұл ретте республиканың топырақ және биоклиматтық әлеуетін дұрыс пайдаланыла отырып, еңбек ресурстары мен қаражат мейлінше аз жұмсалып, бәсекеге қабілетті өнімді барынша мол өндіруді қамтамасыз ететін жүйелер мен технологиялардың басым маңызы болмақ.

Қазақстан алда да астық өндірісінің басымдығын және тиісінше осы саланың тұрақтылығы мен тиімділігін қамтамасыз ету жөніндегі зерттеулерді сақтайды. Алайда осымен қатар 2001-2005 жылдары ішкі және сыртқы рыноктар қажеттігіне қарай, техникалық, майлы, жемшөп, жеміс-жидек, дәрілік дақылдар мен картоп өсіріле отырып, астық өндірісін диверсификациялау мәселелерін де шешу міндеті де алда тұр.

Ауыл шаруашылығы мен қайта өңдеу салаларының алдында тұрған міндеттер және аграрлардың соңғы жылдары алған зерттеу нәтижелері, сондай-ақ сабақтас ғылым салаларындағы іргелі зерттеулердің ең жаңа жетістіктері ескеріле отырып, аграрлық зерттеулердің таяу 5 жылдағы басым бағыттары айқындалды.

3. Бағдарламаның мақсаты мен міндеттері

Бағдарламаның мақсаты мен мұраты Қазақстан аймақтарының табиғи ресурстарын ұтымды пайдалану, сондай-ақ ауылдағы әлеуметтік-экономикалық реформаларды ұйымдық-құқықтық қамтамасыз ету жөнінде ғылыми негізделген ұсынымдар мен ұсыныстар әзірлеп, өндіріске енгізу негізінде тамақ өнімдерімен және елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету.

Қойылған мақсатқа қол жеткізу үшін мыналар әзірленетін болды: елдің азық-түлік тәуелсіздігі мен ауыл тұрғындарының тұрмыс деңгейін көтеруді қамтамасыз ететін агроөнеркәсіп өндірісін дамытудың экономикалық

т е т і г і ;

сапасы мен құны жөнінен бәсекеге қабілетті барынша мол өнім алуды, сондай-ақ топырақ құнарлылығы мен айналадағы ортаны қорғауды қамтамасыз ететін ауыл шаруашылығы дақылдарын өсіру технологияларының, машиналар мен жабдықтардың қолда барын жетілдіру және табиғи-климаттық жағдайларға бейімделген жаңаларын жасау негізінде өсімдік шаруашылығын аймақтар бойынша диверсификациялау жөнінде ғылыми негізделген ұсыныстар;

малдың тұқымдық аудандастырылуын нақтылау оларды құнарлы азықпен қамтамасыз ету, малды күтіп-бағу мен жем беруге арналған технологияларды, машиналар мен жабдықтарды жетілдіру, ветеринариялық қамтамасыз ету, мал шаруашылығы өнімдерін өңдеу және сақтау негізінде мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді ұлғайту жөніндегі ғылыми негізделген ұсыныстар.

4. Бағдарламаны іске асырудың негізгі бағыттары мен тетігі

4.1. Жұмыстардың негізгі бағыттары

4.1.1. АӨК экономикасы мен ұйымдастыру саласында: жер ресурстарын пайдаланудың аймақтық ерекшеліктерін, өндірістің интеграциялануы мен кооперациялануын ескере отырып, шаруашылық жүргізудің түрлі нысандарының оңтайлы үлгілерін әзірлеу;

аймақтық және аймақаралық агроазық-түлік жүйелерін құру, ауыл шаруашылығының экспорттық әлеуеті мен бәсекелестік қабілетін арттыру; аграрлық экономиканың баға, салық, кредит, сақтандыру реттеушілерінің тетігі мен АӨК-ті мемлекеттік қолдаудың тұрлаулы жүйесінің жұмыс істеу т е т і г і н ә з і р л е у ;

аймақтық ерекшеліктерді ескере отырып, 2010 жылға дейін АӨК-ті дамыту және ауыл адамдарының тұрмыс деңгейін көтеру тұжырымдамасын әзірлеу;

4.1.2. Егіншілік және өсімдік шаруашылығы саласында: жер ресурстарын ұтымды пайдалануды, топырақты жел, су және ирригациялық эрозиядан қорғауды және топырақтың құнарлылығын сақтап, арттыруды, егін шығымдылығының тұрақтылығын, егістіктердің оңтайлы фитосанитариялық жай-күйін және өсімдік шаруашылығы өнімдерінің жоғары сапасын қамтамасыз ететін экологиялық-бейімдеуші ландшафт жүйелерін әзірлеу жемшөп алқаптарын, далалық жүйелерін ұтымды пайдалану жүйелерін ә з і р л е у ;

аймақтардың биоклиматтық әлеуетін, нарық пен айналадағы ортаны қорғаудың талаптарын ескере отырып, өсімдік шаруашылығы өнімдерін өндіруге, қайта өңдеуге және сақтауға арналған технологиялардың, машиналар мен жабдықтардың қолда барын жетілдіру және жаңаларын жасап шығару.

4.1.3. Орман шаруашылығы саласында:

Қазақстанның түрлі табиғи аймақтарында ландшафтық негізде орман шаруашылығын жүргізу мен қорғаныштық ағаш өсіру жөнінде ғылыми негізделген ұсыныстар әзірлеу ормандарды аурулар мен зиянкестерден қорғау жөнінде тиімді химия-биологиялық алдын алу әдістерін іздестіру ағаш және бұталы орман өсімдіктерінің жойылып бара жатқан, сондай-ақ сирек түрлерін өскінді әрі шағын өскінді көбейтудің тиімді биотехнологиялық әдістерін енгізу.

4.1.4. Су шаруашылығы саласында:
аймақтар бойынша суармалы жерлердің мелиорациялық тәртібін оңтандыру;

су ресурстары мен гидроқұрылыстарды ұтымды пайдаланудың техника-технологиялық құралдарын әзірлеу;
сарқынды сулардың сапасын жақсарту және егін шаруашылығының суармалы желілеріне пайдалану тәсілдерін әзірлеу;
су, еңбек және энергия ресурстарын үнемдеу мақсатында суару жұмыстарын автоматтандыру.

4.1.5. Мал шаруашылығы мен мал дәрігерлігі саласында:
малды, құс пен балықты күтіп-бағу, жемдеу және ветеринариялық қамтамасыз ету технологияларының негізінде мал шаруашылығы өнімдерін өндіруді ұлғайту жөнінде аймақтық ғылыми негізделген ұсынымдар әзірлеу;
шаруа (фермер) қожалықтарында қаракөл шаруашылығын жүргізудің ерекшеліктері ескеріле отырып, елтірі, тері шикізатын өндіру мен қайта өңдеудің технологиялық қырларын жетілдіру;
отандық шикізат ресурстарын пайдалана отырып, құс өсірудің интенсивті, ресурс сақтайтын технологияларын әзірлеу;
елдің балық қорларын ұтымды пайдалануға мүмкіндік беретін кәсіпшілік су айдындарының биоресурстарын болжау әдістерін әзірлеу;
марал өсіру мен ара өсірудің экологиялық таза өнімдерін өндіру, қайта өңдеу, сақтау және пайдалану проблемаларын шешу;
мал ауруларын есепке алудың автоматтандырылған ақпараттық жүйесін, ауруды анықтаудың экспресс-әдістерін, жаңа ветеринариялық дәрі-дәрмектер өндіру технологияларын әзірлеу.

4.1.6. Ауыл шаруашылығы өндірісін механикаландыру саласында:
өсімдік шаруашылығы мен мал шаруашылығы өнімдерін өндіруге кететін шығынды қысқартуға және айналадағы ортаны қорғауды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін аймақтық технологиялар мен машиналар жүйесін әзірлеу;
көпфункционалы топырақ өңдейтін және егіс егетін машиналар, тіркеме жаткалар, астық жинайтын комбайндар мен дербес дән тазартатын модульдер әзірлеу, жасап шығару және сынақтан өткізу;
жемшөп өсіру, жинау және дайындауға арналған машиналар кешенін, көкөніс

дақылдарын өсіруге арналған құрама агрегаттар, сондай-ақ фермерлік шаруашылықтар үшін шағын механизация құралдарын әзірлеу; өсімдік шаруашылығын диверсификациялауға байланысты көзделіп отырған, майлы, жарма және басқа да дақылдарды егіп-жинауға арналған, қолда бар техниканы агротехникалық бағалау, жаңа машиналар жасау және адаптерлер мен машиналар сатып алу жөнінде ұсыныстар жасау немесе оларды республика зауыттарында шығаруды ұйымдастыру.

4.1.7. Ауыл шаруашылығы өнімдерін сақтау және қайта өңдеу саласында: ауыл шаруашылығы шикізатын кешенді қайта өңдеуге және сақтауға арналған жаңа технологиялар мен машиналар әзірлеу; көпшілік, емдеу-алдын алу және балалар тамақтануына арналған химиялық құрамы бағыттала өзгертілген жаңа тамақ өнімдерін алу; азық-түлік шикізатының сапасы мен қауіпсіздігін бақылаудың бүгінгі күнге сай нормативтік-әдістемелік базасын жасау.

4.2. Бағдарламаны іске асыру тетігі

4.2.1. Ұйымдық және ғылыми қамтамасыз ету

Қазақстан Республикасы Президентінің 1996 жылғы 24 мамырдағы N 3001 U963001_ Жарлығына сәйкес Бағдарламаны іске асыруды, орындалатын ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстардың ғылыми-әдістемелік деңгейін, зерттеулер жүргізуді ұйымдастыру мен үйлестіруді қамтамасыз ететін бас ұйым болып Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығы белгіленді.

Қазақстан Республикасының Ұлттық академиялық аграрлық зерттеулер орталығы белгіленген тәртіппен конкурстық негізде осы салалық ғылыми-техникалық Бағдарламаны орындауға мемлекеттік тапсырысты орналастырады.

4.2.2. Кадрлармен және ақпараттық қамтамасыз ету

Бағдарламаны іске асыруға мамандандырылған және аймақтық ғылыми-зерттеу институттары, ауыл шаруашылығы, орман шаруашылығы және мал дәрігерлік станциялары, ҰААЗО-ның тәжірибе-эксперименттік кәсіпорындары, сондай-ақ басқа министрліктер мен ведомстволардың ғылыми ұйымдары қатысады.

Ғылыми кадрларды ғылыми-зерттеу институттары мен аграрлық жоғары оқу орындарында 32 мамандық бойынша жұмыс істейтін аспирантураларда даярлау көзделуде.

Бағдарламаны ақпараттық қамтамасыз етуді және шет елдермен ғылыми байланыстарды ұйымдастыруды Қазақстан Республикасының ҰААЗО-ның арнаулы бөлімшелері, сондай-ақ тапсырмалардың бас әзірлеушілері

ғылыми-зерттеу ұйымдары жүзеге асырады.

Бағдарламаның орындаушыларын ақпараттық-библиографиялық қамтамасыз ету Республикалық ауыл шаруашылығы ғылыми кітапханасына, ал "Вестник сельскохозяйственной науки", "Жаршы" ғылыми журналдары мен ғылыми ұйымдар еңбектерінің жинақтарын басып шығару шаруашылық есептегі "Бастау" ғылыми басылымдар редакциясына жүктеледі.

Бағдарламаны іске асыру шеңберінде алыс және таяу шетелдің ғылыми орталықтарымен халықаралық ғылыми-техникалық ынтымақтастық жасалатын болады, олар: ИКАРДА (Сирия), ЖИРКАС (Жапония), Калифорния және Вашингтон университеттері (АҚШ), Шетелдік даму және жерді пайдалану институты (Ұлыбритания) және басқалар.

5. Қажетті ресурстар мен оларды қаржыландыру көздері

Бағдарламаны қаржыландыру республикалық бюджетте тиісті жылға іргелі және қолданбалы ғылыми зерттеулерді қаржыландыру үшін көзделген қаражат есебінен, сондай-ақ Мемлекеттік инвестициялар бағдарламасына енгізілген заемдар қаражаты есебінен жүзеге асырылады. Халықаралық ұйымдардың қаржылық, техникалық және гранттық көмегін тарту көзделеді.

2001-2005 жылдарға арналған Бағдарламаны іске асыру үшін бюджет қаражатына деген ең төменгі есептік қажеттілік 2650,29 млн. теңгені /1-кесте/ құрайды.

6. Бағдарламаны іске асырудан күтілетін нәтижелер

Салалық Бағдарламаның негізгі тапсырмалары мен көрсеткіштері, 2001-2003 және 2004-2005 жылдарға арналған ғылыми-зерттеу және тәжірибе-конструкторлық жұмыстарының негізгі бағыттары бойынша оны іске асырудан күтілетін нәтижелер 2-кестеде келтірілген.

1-кесте

"Қазақстан аймақтары бойынша 2001-2005 жылдары ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді, қайта өңдеуді және сақтауды ғылыми қамтамасыз ету" бағдарламасын ғылыми қамтамасыз ету жөніндегі пығыстар құрылымы

Бағдарлама әкімшісі - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі (код 225, бағдарлама 30)

	2001	2002	2003	2004	2005
	жылдың	жылдың	жылдың	жылдың	жылдың
	жоспары	жоспары	жоспары	жоспары	жоспары

1. Жіктеліс (161, 162, 163)!	404430	404430	404430	687000	750000
б о й ы н ш а				ш ы ғ ы с т а р	
(м ы ң	т е ң г е),	с о ы ң		і ш і н д е	
ш ы ғ ы с т а р д ы ң		т ү р л е р і		б о й ы н ш а	
Еңбекақы	! 221656	221656	221656	336170	370500
Қосымша ақшалай төлемдер	! 8450	8450	8450	15667	17260
Іссапар шығыстары және ғылыми	! 9370	9370	9370	20425	22500
					э к с п е д и ц и я л а р
Салық және бюджетке төленетін төлемдер,	! 76795	76795	76795	162555	172100
					б а с қ а
					д а
					м і н д е т т і !
					!
соның ішінде қосымша құн салығы	! 23000	23000	23000	80733	81920
Занды табыс					
					т ұ л ғ а л а р ғ а
					с а л ы н а т ы н
					!
					с а л ы ғ ы
Әлеуметтік салық	! 53795	53795	53795	81822	90180
Материалдар сатып алу	! 16100	16100	16100	29186	32160
Басқа да активтер сатып алу!	130	130	130	150	160
Коммуналдық қызмет	! 3990	3990	3990	6396	7040

Электр энергиясы	!	13724	13724	13724	17047	18800
Жылу	!	19365	19365	19365	36000	39670
Байланыс қызметі	!	7900	7900	7900	13392	14760
Көлік қызметі	!	370	370	370	540	560
Негізгі құрал-жабдықтарды ағымдағы	!	7000	7000	7000	14868	16380
			жөндеу			
Негізгі құрал-жабдықтарды күрделі	!	0	0	0	1090	1190
			жөндеу			
Басқа да шығыстар	!	19580	19580	19580	33514	36920
2. Сандық көрсеткіштер:						!
Ғылыми-техникалық малар мен жобалар саны	!	1	1	1	1	1
			бағдарла.!			

2-кесте

"Қазақстан аймақтары бойынша 2001-2005 жылдары ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіруді, қайта өңдеуді және сақтауды ғылыми қамтамасыз ету" салалық ғылыми-техникалық бағдарламасының негізгі тапсырмалары мен көрсеткіштері

Бағдарлама тармақтары ! Бағдарлама тармақтары тапсырмаларының кезеңдер
! бойынша күтілетін нәтижелері

		!2001-2003 жылдар кезеңіне!	2004-2005 жылдар
		!	! кезеңіне
	1	2	3

01. Елдің азық-түлік !Мыналар әзірленетін бола.!Мыналар әзірленетін тәуелсіздігі мен ауыл !ды: !болады: тұрғындарының тұрмыс !АӨК-ті экономикалық дағ. !Қазақстан Республика. деңгейін көтеруді қам. !дарыстан жеделдете шыға. !сында нарықтық қатынас. тамасыз ететін агро. !руға бағытталған баға, !тардың даму кезеңдері өнеркәсіп өндірісін да.!қаржы-кредит саясатының !ескеріле отырып, АӨК-тің мытудың экономикалық !әдіснамалық негіздері; !қалыптасуы мен жұмыс тетігін әзірлеу !аймақтық және аймақаралық!істеуінің ғылыми-әдіс. !агроазық-түлік жүйелері. !темелік негіздері; !нің қалыптасу және жұмыс !агроөнеркәсіп кешенін !істеу тетігі; !жеделдете дамытуды !ауыл шаруашылығы шикізаты!қамтамасыз ететін тұ. !мен азық-түлігі !рақты мемлекеттік қол. !импортын алмастырудың !дау жүйесі; !ұйымдық экономикалық !ауыл шаруашылығы өнім. !негіздері; !дерінің (астық, мақта, !кәсіпорындардың түрлі !ет, жүн) бәсекелестік !ұйымдық-құқықтық нысан. !қабілетінің өсуі негі. !дарында жер ресурстарын !зінде экспорттық әлеуе. !пайдалануды жетілдіру үш.!тін арттыру жөніндегі !ін ғылыми-әдіснамалық не.!ұсыныстар; !гіздер; !жер рыногын реттеу !нарықтық типті ауыл ша. !тетігі, жер ипотекасы; !руашылығы құрылымдарының !түрлі ұйымдық-құқықтық !тиімді жұмыс істеу !нысандардағы ауыл шаруа. !тетігі; !шылығы кәсіпорындарының !Мыналар айқындалатын !өндірістік типтерін !болады: !қалыптастыру жөніндегі !агроөнеркәсіптік өзара !экономикалық негіздел. !іс-қимыл нысандары, !ген ұсыныстар;

!аграрлық және қайта өң. !интеграцияланған құры.
 !деуші кәсіпорындардың !лымдардың перспектива.
 !тиімді интеграциялануына !лық типтері, интегра.
 !ықпал ететін факторлар; !циялану модельдері;
 !ауыл шаруашылығын мате. !өндіріс құралдары мен
 !риалдық-техникалық ре. !агросервистік қызмет.
 !сурстармен қамтамасыз ету!тің көтерме сауда ба.
 !және қызмет көрсету !зарларын құрудың және
 !жүйелері; !олардың жұмыс істеуінің
 !әлеуметтік саясаттың !неғұрлым тиімді
 !басым бағыттары мен ауыл !әдістері;
 !тұрғындарын әлеуметтік !ауыл еңбек ресурстарын
 !қорғау тетігі; !молықтырудың ғылыми
 !АӨК қызметін ғылыми-тех. !негіздері, ауылдың
 !никалық реттеудің ұйым. !әлеуметтік инфрақұрылы.
 !дық-экономикалық тетік. !мының жұмыс істеуінің
 !тері; !шаруашылық тетігін
 !ауыл шаруашылығы кәсіп. !жетілдіру, кәсіпорын.
 !орындарының түрлі типте. !дардың ұйымдық-құқық.
 !рінің экономикалық-мате. !тық нысандары бойынша
 !матикалық модульдеу негі. !ауыл тұрғындарының
 !зіндегі оңтайлы параметр. !табыс деңгейі мен оны
 !лері. !реттеудің әдістерін
 ! !негіздеу;
 ! !әрбір салалық бағыт
 ! !бойынша АӨК ғылыми
 ! !әлеуетінің тиімді жұмыс
 ! !істеуінің әдіснамалық
 ! !негіздері;
 ! !АӨК-ті аймақтық деңгейде
 ! !дамыту модельдері;
 ! !АӨК-ті 2010 жылға дейін
 ! !дамыту тұжырымдамасы.

02.
 жөнінен
 летті
 мол

Сапасы мен
 бәсекеге
 өнімнің
 мөлшерін,

мен құны
 қабі.
 барынша
 сондай-ақ

топырақ		құнарлылығын	
сақтау	мен	қоршаған	ор.
таны		қорғауды	қамтама.
сыз	ететін	ауыл	шаруа.
шылығы		дақылдарын	өсіру
технологияларының,			ма.
шиналар	мен		жабдықтар.
дың	қолда	барын	жетіл.
діру	және		аймақтардың
